

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## «Еркін бол»

ЖАРИЯЛАНДЫ  
19.10.2023СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/145148/

Алматы қалалық «Жастар Рухы» ЖҚ ұйымдастыруымен, «Возрождение Life» оңалту орталығының клиникалық психологы мен қызметкерінің қатысуымен «Еркін бол» жастармен ашық диалогтік кездесу өтті.

«Еркін бол» жастармен ашық диалогтік шараның мақсаты – қазіргі таңда қоғамда орын алған лудомания, кибербуллинг, есірткіге тәуелділік тақырыптары бойынша түсіндірме және де талқылау өткізілді. Іс-шараның спикерлері «Возрождение Life» оңалту орталығының клиникалық психологі – Меркулова Майя Александровна және қызметкері Көшербайұлы Ербол болды. Кездесуде студенттер өздерін қызықтыратын сұрақтарды қоя отырып, спикерлерден толық әрі нақты жауап алды. Жауап беру барысында спикерлер қоғамда орын алған қауіпті ауру түрлерінің себептерін, олардың күресу жолын және де оңалту барысында орын алатын жағдайлармен толықтай таныстырып шықты. Сонымен қатар, бұл кездесу студенттерге өте пайдалы әрі қазіргі уақытта орын алған мәселелердің зияндылығын терең түрде түсінді.

«Еркін бол» ашық диалогтік кездесу жастарға барынша сақ болуды және де қоғамда орын алған мәселелердің зияндылығы мен оны шешудің маңыздылығы жайлы ой қалыптастарды..

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.